

Жетісу облысында әлеуметтік сауда орындарының саны ұлғайтылды

Жетісу облысында оңалту орталығы ашылды

Бүгін Жетісу облысында 3 пен 18 жас аралығындағы неврологиялық диагнозы бар балаларды кешенді оңалтуға бағытталған «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылды. Бұл шара Мемлекет басшысының мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту бойынша маңызды әлеуметтік міндетті шешуге үкіметтік емес секторды тарту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру аясында жүзеге асырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Оңалту орталығы Сарқан аудандық ауруханасының ғимаратында ашылды. Бірқатар қоғамдық қордың демеушілігінің арқасында және бюджеттен қаржы бөлініп, орталық аурухана ғимаратының біріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, заман талабына сай жабдықталды. Жаңа нысанда емдік дене шынықтыру кабинеті, шунгит, тұз және интерактивті кабинеттер, сондай-ақ, шомылу ванналарын қабылдау бөлмесі бар.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры төрағасының орынбасары Ләззат Шыңғысбаева айтуынша, орталық Сарқан ауданынан бөлек, жақын маңдағы Ақсу және Алакөл аудандарының тұрғындары да ем алады.

– Мемлекет басшысы атап өткендей, оңалту қызметінің сапалы болуы және оның ерекше балалар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды. Осыған орай ауданда заманауи оңалту орталығының ашылды. Біз мамандарды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға көмектесеміз, – деді Л.Шыңғысбаева.



Орталықта невропатолог, реабилитолог, педиатр және терапевт, ортопед, логопед, дефектолог, психолог сияқты білікті мамандар қызмет істейді. Мұнда өзге облыстан келген мамандар да бар.

– Жұмысқа Атырау қаласынан арнайы келдім. Оңалту орталығында баланың әлеуметтік бейімделуі мен танымдық саласының дамуы үшін барлық жағдай жасалыпты. Мамандығым бойынша мен реабилитологпын. Өз тарапымнан оңалту сапасын жақсартуға бар күшімді саламын, – деді Әсем Нұрқасымова.

Айта кетейік, жоба орталық жүйке жүйесі зақымданған балаларды оңалтуға, оларды әлеуметтік бейімдеуге және ерте мүгедектіктің алдын алуға бағытталған. Бір жылдың ішінде орталық 21 күндік сауықтыру курсы ұсынып, 600 баланы қабылдай алады. Бұл ретте үздіксіз ем алу үшін балалардың 2-3 ай сайын оңалтудан өтуіне мүмкіндік бар. Орталықта ай сайын сал ауруы, шала туылу, даун синдромы, үдемелі булшықет дистрофиясы, босану кезіндегі жарақат сияқты диагнозы бар 50 баланы қабылдауға мүмкіндік бар.

– Менің балам церебральды сал ауруымен ауырады. Балама оңалту кешенін жүргізу үшін алдымен Талдықорғанға, сосын Алматы мен Астанаға баруға тура келді. Ауырған баланы әр қалаға тасу оңай емес. Оған жан - жақты және тұрақты оңалту қажет. Енді қаламызда заманауи оңалту орталығының ашылуымен жұмыс әлдеқайда жеңілдеді. Басқа қалаға бармаймыз, – дейді қала тұрғыны Майра Тұрсынова.

Балаларды оңалту орталығы облыс басшылығы мен қайырымдылық қорлардың бірлескен жұмысының арқасында ашылғанын айта кеткен жөн.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фототілші: Қанат БАЙДЫРАҚЫМОВ.

БАСПАСӨЗ - 2025

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

АУДАНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне жазылу бағасы 1 жылға - 4415 теңге, 20 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 60 тиын.

Газет индексі: 66750



Жетісу облысында әлеуметтік сауда орындарының саны 12-ге жеткізілді. Атап айтқанда, Талдықорған қаласында 7 стационарлық әлеуметтік нүкте, оның ішінде 5-уі әлеуметтік дүкен болса, қазір тұрғындарға ыңғайлы болу үшін тағы 5 көше сауда нысаны қосылып жатыр. Жетісу өңірінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырудың екі тетігі бойынша 18 мың тоннадан астам өнім қоры бар. Оның 1485 тоннасы картоп. «Жетісу» ӘКК тауарлық интервенцияларды тұрақты негізде әлеуметтік пункттерінде келісім-шарт бойынша азық-түлік өнімдерін сатумен айналысады, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Жетісу» ӘКК әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында жыл сайын көкөніс өнімдерінің, оның ішінде картоптың қорын қалыптастырады. Жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен келісім-шарт жасап, өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және өндіретін шаруашылық жүргізуші

субъектілерді жеңілдікпен несиелеу бойынша жұмыс жүргізеді. Мәселен, 2023-2024 жылдарға арналған жоғарыда аталған тетіктерді жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 9 млрд. қаржы қарастырылды. Көрсетілген мерзімде бөлінген қаражатқа 31,2 мың тонна өнім жеткізуге келісім-шарт жасалды. Оның бүгінгі таңда 12,6 мың тоннасы сатылды. Қазіргі таңда қорда 18 мың тоннадан астам азық-түлік тауарлары бар. Атап айтар болсақ, әлеуметтік нан, I сортты ұн, қант, күріш, кеспе (макаронны) күнбағыс майы, қарақұмық, тұз, тауық еті, жұмыртқа, сиыр еті, картоп, пияз, сәбіз және қырыққабат.

– Картоп бағасының көтерілуіне байланысты осы кезеңде тұрақтандыру қорынан тауарлық интервенция жүргізіп жатырмыз. Картоптың бағасы 180 теңгеден аспайды. Осы кезеңде Талдықорған қаласында әлеуметтік дүкендерді қосқанда 7 стационарлық әлеуметтік пункттеріміз бар. Сонымен қатар, облыс әкімінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес әлеуметтік сауда орындарын көбейту бой-

ынша жедел шаралар қолға алынды. Біз 5 сауда нүктесін ашып жатырмыз, соның ішінде 2-уі жұмыс жасап тұр. Өзірге бұл қосымша сауда орындары алдағы 2 айда тұрақты жұмыс істейді деп жоспарлап отырмыз, – деді «Жетісу» ӘКК басқарма төрағасының бірінші орынбасары Альмира Ибраимова.

Қала орталығындағы жаңа әлеуметтік сауда нүктесінің жұмысы жергілікті тұрғындардың ризашылығына бөленіп үлгерді. Талдықорған қаласының тұрғыны Эльмира Смағұлова әлеуметтік дүкеннің тұрақты тұтынушысы екенін жеткізді.

– Бүгін әлеуметтік сауда нүктесінде картоп 180 теңгеге алдым. Яғни, 3 есеге арзан баға. Басқа азық-түлік өнімдері мен көкөністер де сатылуда. Сәбіз, «Бақанас» күрішінің дәмді сортын да сатып алдым. Бұл күріштің түрі базардан тым сирек кездестіреміз, – деді қала тұрғыны.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.**

Фототілші: Ж.Мұсабеков.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына

дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық

көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Жетісу облысында жел генераторлары мен энергия жинақтау жүйелерін шығаратын зауыт құрылысы басталды



Жетісу облысында жел генераторлары мен энергия жинақтау жүйелерін шығаратын зауыт құрылысы басталды. Кәсіпорын "Қорғас-Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасатын болады. Жел генераторлары зауытының өндірістік қуаты жылына 2 ГВт генерацияны құрайды, сонымен бірге энергияны жинақтау жүйелерін шығару қуаты жылына 1 ГВт болады. Инвестиция көлемі 40 млн. АҚШ долларын құрайды, 300 жаңа жұмыс орны құрылады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Инвестициялық жоба жаңартылатын энергетика саласындағы көшбасшылардың бірі болып табылатын "Қазақстандық коммуналдық жүйелер" ЖШС мен қытайлық "Envision Energy" компаниясы арасындағы өріптестік бойынша іске асырылуда. Кәсіпорын жыл сайын жел генераторларының 250 жиынтығын және энергияны жинақтау жүйелерінің 100 жиынтығын шығарады деп жоспарлануда. Капсула салу рәсіміне қатысқан облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов өңірдің экономикалық өсуінің маңызды нүктелерінің бірі ретінде "Қорғас - Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағын дамытуға баса назар аударды.

- Қытайдан ТМД елдеріне, Еуропа мен Азияға шығатын маңызды бағыттардың қиылысында облыстың

экономикалық өсу нүктесінің бірі - Қорғас торабы орналасқан. Қорғас торабының маңызды, әрі инвесторлар үшін тартымды элементі - «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы болып табылады. Бүгінгі таңда еркін экономикалық аймаққа қатысушылардың бірыңғай тізілімінде жалпы құны 907 млрд. теңге болатын жобалары бар 68 қатысушы тіркелген. 2030 жылға дейін 5 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, 47 жобаны іске асыру жоспарлануда. Сонымен қатар, бүгінгі таңда АЭА аумағында 51 млрд. теңгеден астам сомаға 21 жоба іске асырылды. Бүгін ішкі нарықты да, экспортқа шығуды да қамтамасыз етуге бағдарланған жел генераторлары мен энергия жинақтау жүйелерін шығаратын заманауи зауыттың құрылысы басталды, бұл мемлекет пен бизнестің тиімді бірлескен жұмысының айқын нәтижесі болып табылады, - деп түйіндеді Ә.Қанағатов. Өз тарапынан "Қазақстандық коммуналдық жүйелер" ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы Дінмұхамет Идрисов кәсіпорынның іске қосылуы жел генераторлары мен энергия жинақтау жүйелерінің өндірісін жолға қоюға ғана емес, сонымен қатар заманауи технологияларды тартуға мүмкіндік беретінін атап өтті, бұл кешенде еліміздегі "жасыл" энергетиканың дамуына, экологияның жақсаруына және жалпы экономикалық дамуға оң әсер етеді.

- Бұл жобаны іске қосу

импортқа тәуелділікті қысқартуға, энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға, жұмыс орындарын құруға, экспорттық мүмкіндіктерді ашуға және елдің болашағына үлес қоса отырып, төмен көміртекті экономикаға көшуді жеделдетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте өндірістің бастапқы кезеңінде қазақстандық қамту үлесі 30%-ды құрайды, ал болашақта кезең - кезеңімен 90%-ға еткізіледі, - деді Д.Идрисов.

Айта кетсек, кәсіпорынды іске қосу 2026 жылдың III тоқсанына жоспарланған. Бұл ретте өнімнің 60%-ы ішкі нарыққа, ал 40%-ы Орталық Азия мен Кавказ елдеріне экспортқа жіберілетін болады.

Жалпы бүгінгі таңда Жетісу облысында 10,3 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, жалпы құны 2,6 трлн. теңгеге ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі, ЖЭК, көлік және логистика, құрылыс, туризм салаларында 2025-2030 жылдарға 133 жобадан тұратын инвестициялық жобалар пулы қалыптастырылған. Бұл ретте 2024 жылдың қорытындысы бойынша құны 45,5 млрд. теңге болатын және 1231 жұмыс орнын құру көзделген 49 жоба іске асырылды. Биылғы жылға келетін болсақ, 1800-ден астам жұмыс орнын құра отырып, 59 жобаны іске асыру жоспарланған.

"Қорғас - Шығыс қақпасы" АЭА аумағында осы кезеңде халықаралық трансұлттық компаниялар бизнеспен айналысуда. Іске асырылғандар жобалар ішінде күн панельдерін, құрамажем, памперстер және гигиеналық өнімдерді шығаратын кәсіпорындарды атап өткен жөн, сонымен қатар тамақ және химия өнеркәсібінің кластері белсенді дамып келеді. Жалпы АЭА индустриялық аймағы қолжетімді инвестициялық преференцияларды ескере отырып, инфрақұрылым объектілері бар дайын жер учаскелерін іздейтін инвесторлар үшін тиімді платформа болып табылады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Ж.Мұсабеков.

Жетісу облысында жыл соңына дейін орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 92,5%-ға жетеді



Жетісу облысында 2025 жылдың қорытындысы бойынша орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 92,5% немесе 331 елді - мекенге жетеді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметтері бойынша қазіргі кезеңде өңірде 321 ауылды қоса алғанда, 358 елді - мекеннің 327-сі немесе 91,3 пайыз орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген.

- Өткен жылы сумен жабдықтау жүйелерін салу және қайта жаңарту бойынша 9 жаңа және 13 өтпелі жобаны қоса алғанда, 22 жобаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерден 7,7 млрд. теңге бөлінді. Нәтижесінде 267 шақырым желі салынды, 14 елді - мекенде ауыз судың сапасы жақсарды. Сондай-ақ, Алакөл ауданындағы 2 ауыл орталықтандырылған су жүйесіне қосылды. Бұл ретте 6 елді - мекенде жобалар өтпелі болып табылады. Сонымен қатар, Алакөл ауданы Теректі, Қоңыр, Лепсі, Ескелді ауданы Жалғызбағаш, Қаратал ауданы Ұмтыл, Кербұлақ ауданы Ақбастау, Тастыөзек, Панфилов ауданы Қырыққұдық, Шолақай, Керімағаш ауылдарында және Көксу ауданы, Көксу станциясында, сондай-ақ, Талдықорған және Текелі қалаларында 2025 жылға республикалық бюджеттен 14 жобаны іске асыру үшін осы кезеңде 3,4 млрд. теңге қарастырылған. Нәтижесінде 2604 адам тұратын Алакөл, Қаратал, Ақсу, Панфилов аудандарының 4 ауылы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етіледі. 267 шақырым сумен жабдықтау желілері салынып, қайта жаңартылады, - деп мәлімдеді басқарма өкілдері.

Жалпы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысында орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 92,5% немесе 331 елді - мекенге жетеді.

Айта кетсек, өңірдегі су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 3 935 шақырым.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Суреттер архивтен алынған.

Цифрлық түрлендіру бойынша



Қазақстанда халық өмірінің әртүрлі салаларын цифрлық түрлендіру бойынша жұмыс жалғасуда. Негізгі жетістіктерге электронды мемлекеттік қызметтер санының артуы және жаңа цифрлық шешімдер мен платформалардың енгізілуі жатады.

ҚР МСРІАР электрондық үкіметті дамытуды жалғастыруда. Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік қызметтердің 93,3 пайызы электронды түрде көрсетіледі, оның 86 пайызы смартфондар арқылы қолжетімді. eGov Mobile қосымшасы және 56 қызмет қолжетімді сыртқы платформалар арқылы. Бұл цифрландырудың жоғары деңгейін және халыққа мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін көрсетеді, қазақстандықтарға мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін үйден шықпай-ақ алуға мүмкіндік береді.

Заңнамалық деңгейде цифрлық трансформацияға ықпал ететін нормалар бекітілді. QazTech платформасы арқылы мемлекеттік органдардың жұмысын автоматтандыру және мемлекеттік қызметтерді көрсету бағдарламаларын әзірлеу және енгізу рәсімдері жеңілдетіліп жатыр.

Гүлжан СУГРАЛИНА,

Қарасу ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі, «Аманат» партиясының мүшесі.

Мопедтерді тіркеу: Же білу қажет?



2025 жылдың 5 сәуірінен бастап мопедтер ресми түрде механикалық көліктерге теңестіріледі.

Оларды пайдалану үшін:

полицияда тіркелу;
А1, А немесе В санатындағы жүргізуші куәлігі;
техникалық тексеру;
азаматтық жауапкершілікті сақтандырудан өту қажет болады.
Тіркелу үшін тұрғылықты жері бойынша арнайы ХҚКО-ға келесі құжаттармен жүгіну қажет:

жеке куәлік (электронды түрде болуы мүмкін);
мопедтің техникалық құжаты немесе сипаттамалары.
Кейін өтінішті толтырып, мопедті тексерістен өткізіп, қажетті мемлекеттік бағдарды төлеу керек.

ДЕРЕККӨЗ: ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСМИ САЙТЫ.

АУДАН ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІНЕН



кездесу барысында аудан басшысы өткен жылы ауданда атқарылған ілкімді істер мен жұмыстар жайын баяндап, биылғы жылға жоспарларымен бөлісті. Ауылға өткен жылы дәрігер маман жіберілді, жаңадан жедел жәрдем көлігі берілді. Ауылдық мәдениет үйінің құрылысы басталды.

Биылғы жылы жұмыстар жалғасын табады.

Ауыл тұрғындары тарапынан қазіргі уақытта өзекті мәселелер жайлы сөз қозғалып, бірқатар сұрақтар қойылды. Барлық айтылған өтініш-тілектерге тиісті жауаптары беріліп, жауаптыларға тапсырмалар берілді.

Келесі кезекте Қапал ауылының жұртшылығымен кездесті. Кездесуде биылғы жылы өңірде атқарылатын толымды істер жайлы баяндады. Биылғы жылы Қапал ауылында бірқатар ілкімді істер атқарылды. Жаңадан 3 жеке тұрғын үй салынып берілді. Биылғы жылы Қапал ауылының мәдениет үйіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жаңадан жеке тұрғын үй салу жоспарлануда.

Ауыл тұрғындары тарапынан көкейкесті мәселері көтеріліп, тиісті жауаптары берілді. Кездесуден соң аудан басшысы жеке қабылдау өткізді.

Аудан әкімі Берік Тынышбайұлы Көшкентал ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуде де биылғы жылы осы өңірде атқарылған толымды істер жетерлік екенін айтып, осы жылы жаңа 180 орындық мектеп, ауылдық мәдениет үйі ғимараты ел игілігіне берілді. Блокты модульдік ветеринарлық пункті орнатылды. Көлтабан ауылында көше жарығы жасалды. Бұл жұмыстар биылғы жылы да өз жалғасын табады.

Көшкентал ауылдық дәрігерлік амбулатория құрылысы басталады. Көлтабан ауылында блокты модульдік медициналық пункті орнатылады. Нысандар жоспарға сәйкес ел игілігіне берілетіндігі айтылды.

Ауыл тұрғындары тарапынан көтерілген мәселерге тиісті жауаптары берілді. Кездесуден соң аудан басшысы жеке қабылдау өткізді.

Матай ауылдық округі тұрғындарымен кездесуде ауыл бойынша көптен бері көтеріліп жүрген бірқатар жұмыстар осы жылы жүзеге асты. Ішкі көше жарығын орнату жұмыстары басталды, ауылдық спорт залымен бірге 180 орындық мәдениет үйінің құрылысы жүргізілуде, биылғы жылы аяқталады деп жоспарланып тұрғанын жеткізді.

Ауыл тұрғындары тарапынан

көкейлерінде жүрген өзекті мәселелер жайлы сөз қозғалды.

Көтерілген әр мәселе жайын халықпен талқылаған аудан әкімі, тиісті мамандарға тапсырмалар жүктеді. Кездесуден соң ауыл тұрғындарын жеке қабылдау жүргізді.

Егінсу ауылдық округі тұрғындарымен кездесуде көптен бері көтеріліп жүрген мәселенің бірі ауылдағы кірме жолдың жайы болатын. Кірме жолға жөндеу жұмыстары осы жылы аяқталады.

Тұрғындар тарапынан көтерілген әр мәселеге тиісті жауаптары берілді. Кездесуден соң ауыл тұрғындарын жеке қабылдау жүргізді.

Қарашілік ауылдық округі тұрғындарымен кездесуде Сағабүйен ауылына көше жарығы орнатылғаны, жаңа жедел жәрдем көлігі берілгені айтылып, енді биылғы жылы Қарашілік ауылының ішкі көше жолдары жасалатыны айтылды. Сондай – ақ, блокты модульдік медициналық пункті орнатылады деді. Бұл жаңалықтар ауыл тұрғындарын қуанытты тастады.

Ауыл азаматтары тарапынан суармалы жерлерге су жеткізу мәселесі айтылды. Сонымен қатар ауылда атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға беріп, ізгі тілектерін жеткізді. Барлық көтерілген мәселе бойынша жауап беріліп, жауаптыларға тиісті тапсырмалар жүктеді.

Б.Сырттанов ауылдық округі тұрғындарымен кездесті. Өткен жылы Қопа ауылында блокты модульдік медициналық пункті пайдалануға берілді. Биылғы жылы ауылдың ішкі көше жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ауданда атқарылған ауқымды істер жайын аудан басшысы ауыл тұрғындарына жеткізді.

Ауыл азаматтары тарапынан F.Мұратбаев атындағы орта мектепке жөндеу жұмыстары қажеттігі жөнінде мәселе айтылды. Ауыл азаматтарының тарапынан айтылған мәселе бойынша толық жауап берілді.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

Ақсу ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелерін сайлау бойынша конкурс туралы хабарландыру

Ақсу аудандық мәслихаты:

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 Бұйрығымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік Ереже негізінде, Ақсу ауданы Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі - Қоғамдық кеңес) мүшелерін сайлау бойынша конкурс жарияланатынын хабарлайды.

Қоғамдық кеңестің сандық құрамы: 12 (он екі) адам.

Мемлекеттік органнан өкілдік: 3 (үш) адам.

Коммерциялық емес ұйымдардан, азаматтардан өкілдік: 9 адам (коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде құрылады).

Құжаттарды тапсыру мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде (2025 жылғы 24 қаңтардан бастап 2025 жылғы 6 ақпанға дейін).

Ақсу аудандық мәслихатының аппараты, пошта мекен-жайы Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы Желтоқсан, 5, индекс: 040100, электрондық поштаның мекен-жайы – aksu-maslihat@mail.kz тел.: 872832 21941

Жұмыс тәртібі: «Ақсу аудандық мәслихатының аппараты» ММ сағат: 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат: 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс сенбі, жексенбі.

Заңының 10 - бабында Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын мынадай талаптар белгіленген:

1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, сондай-ақ жергілікті деңгейде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде тұрақты тұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттың:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болмауы;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылмаған болуы;

3) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) себебі, бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауы тиіс.

2. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылады:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтініші;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтері;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтамасы;

4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтамасы;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімі беріледі.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген анықтамаларды мемлекеттік органның немесе қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылатын квазимемлекеттік сектор субъектісінің ақпараттық жүйелерден көрсетілген анықтамаларды өз бетінше немесе жазбаша келісімі арқылы талап етуіне ұсынады.

Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Қоғамдық кеңес мүшелігіне сайлау үшін конкурсқа жіберілмейді.

3. Кандидаттар мынадай жағдайлардың бірі болған кезде сайлану үшін конкурсқа жіберілмейді:

1) осы Баптың 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

2) осы Баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбама;

3) анық емес ақпаратты қамтитын құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынса.

Кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, ұсынысының, өтінішінің, келісуінің және кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер үлгілері аудандық мәслихаттың сайтында жарияланған.

Объявление о конкурсе по избранию членов Общественного совета Аксуского района

Аксуский районный маслихат сообщает:

В соответствии с Законом Республики Казахстан «Об общественных советах» (далее - Закон), на основании Типового положения об Общественном совете, утвержденного приказом Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года №69 объявляется конкурс по избранию членов Общественного совета Аксуского района (далее - Общественный совет).

Количественный состав Общественного совета: 12 (двенадцать) человека.

Представительство от государственного органа: 3 (три) человека.

Представительство от некоммерческих организаций, граждан: 9 человек (формируется на основе предложений некоммерческих организаций и граждан).

Срок подачи документов: в течение 10 (десяти) рабочих дней после даты опубликования объявления (с 24 января 2025 года по 6 февраля 2025 года).

Почтовый адрес: Аппарат маслихата Аксуского района, почтовый адрес область Жетісу, Аксуский район, село Жансугурова, ул. Желтоқсан, 5, индекс: 040100, адрес электронной почты – aksu-maslihat@mail.kz тел.: 872832 21941.

Режим работы: ГУ «Аппарат Аксуского районного маслихата» с 09.00 часов до 18.30 часов, обеденный перерыв с 13.00 часов до 14.30 часов, выходной суббота, воскресенье.

Статьей 10 Закона установлены следующие требования, предъявляемые к кандидатам в члены Общественного совета:

1. Кандидатом в члены Общественного совета может быть гражданин Республики Казахстан, достигший восемнадцати лет, а также на местном уровне - постоянно проживающий в пределах соответствующей административно-территориальной единицы.

Кандидат в члены Общественного совета не должен:

1) иметь судимость, которая не погашена или не снята в установленном законодательством Республики Казахстан порядке;

2) быть в установленном законом порядке признанным судом виновным в совершении коррупционного преступления и (или) коррупционного правонарушения;

3) состоять на учете в организациях, оказывающих медицинскую помощь в области психического здоровья, по поводу психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ.

2. Для участия в конкурсе представляются:

1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав Общественного совета;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;

3) справка о наличии либо отсутствии судимости;

4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ;

5) согласие на сбор, обработку, распространение и публикацию персональных данных кандидата.

Кандидат в члены Общественного совета представляет справки, предусмотренные подпунктами 3) и 4) части первой настоящего пункта, самостоятельно или посредством письменного согласия на истребование указанных справок государственным органом или субъектом квазигосударственного сектора, с участием которого образуется Общественный совет, из информационных систем.

Член рабочей группы по формированию Общественного совета не допускается к конкурсу для избрания в члены Общественного совета.

3. Кандидаты не допускаются к конкурсу для избрания при наличии одного из следующих случаев:

1) несоответствия требованиям, установленным в пункте 1 настоящей статьи;

2) непредставления документов и (или) сведений, указанных в пункте 2 настоящей статьи;

3) представления документов и (или) сведений, содержащих недостоверную информацию.

Примерные образцы предложения, заявления, согласия и сведений о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных опубликованы на сайте Аксуского районного маслихата.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА - 560 ЖЫЛ!

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ДӘУІРІНЕН БІРЕР СӨЗ



Әбілқайыр хан, тақ таласындағы өзінің ежелгі ата жауы Керей мен Жәнібек сұлтандардың күш жинауына тым көп уақыт бермесе керек.

Десек те, мына жәйтті естен шығармаған жөн. Ол: Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиннен» жиырма - отыз жыл бұрын, орта ғасырлық тарихшылар жазған ғылыми еңбектер, тарихи дерек көздері, Камал ад-дин Әли Бинайдың «Таварих-и гузида-ий нусрат – наме», «Шайбани-наме», Шадидің «Фатх-наме», Рузбихан Исфаханидің «Михман-наме-ий Бухара» (Бухара қонағының жазбалары) еңбектерінде Қазақ хандығының құрылуы жөнінде нақты тарихи датаны айтыпса да Жәнібек пен Керей хандардың аттары аталып, «Тарих-и Рашидиде» келтірілгендей, Қазақ хандығының басқа жерде емес, батыс Жетісуда яғни Шу мен Талас алқаптарында іргесі қаланғаны туралы мағлұматты тікелей немесе жанама түрде растайды.

Қалай десек те, ғұлама ғалым Әлкей Марғұланнның өзі «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» деп мойындаған орта ғасырлық ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты әлемге әйгілі еңбегінде жазылған: «Қазақ сұлтандарының билігі сегіз жүз жетпісінші жылдардан (қазіргі жыл санауымыз бойынша 1465-1466 жылдар) басталады,» - деген пікірді негізгі дерек көзі ретінде ресми мойындаған «Қазақстан тарихы» ғылымы: «1465-66 жылдары Әбілқайыр хандығынан бөлінген Керей мен Жәнібек сұлтандар Жетісудің батысындағы Қозыбасы мен Шу деген өңірге келіп қоныстанды. Олардың саны екі жүз мың адамға жеткен. Қоныс аударып келгендер, 1465-66 жылдары жасы үлкен Керейді ақ киізге отырғызып хан сайлап, Қазақ хандығын құрды», - деп жазса (С.Жолдасбеков, «Қазақстан тарихы» оқулық, Алматы, «Мектеп» 2010 ж)

Осы уақыт – хижраның 870 жылы – біздің жыл санауымыздың 1465-66 жылдары, Қазақ хандығының құрылған уақыты ретінде алынған, - деп жазады Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты мен Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты құрастырған «Қазақстан тарихы» бес томдық кітабы. («Қазақстан тарихы» Бес томдық, II том, «Атамұра» 2010 ж)

Сонымен, 2010 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан «Қазақстан тарихы» оқулығы мен 2010 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан «Қазақстан тарихы» бес томдығындағы дерекке сүйене отырып айтармыз: Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі түрлі ғылыми еңбектердегі әр түрлі тарихи деректерді саралап, салыстыра зерттеген Қазақстан Ғылым академиясының тарих және этнология институты, археология институтымен бірге отырып, Қазақ хандығы 1465-66 жылдары құрылды деген Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиндегі» тарихи деректі ресми түрде бекітті деген тоқтамға келеміз.

Қазақ хандығының құрылуы жөнінде айтқанда Әбілқайыр хандығына тоқталмай кету мүмкін емес. 1428-1468 жылдар арасында өмір сүрген Әбілқайыр мемлекеті, тарихи әдебиеттерде «Көшпенді өзбектер мемлекеті», «Әбілқайыр хандығы» кейде «Көк Орда» деп те аталады. (Ахмедов.Б.А. Государство кочевых узбеков) XV ғасырдың 20 жылдарында Ақ орданың

дан атап өтеді.

Тарихтың осы кезеңінде Керей мен Жәнібек сұлтандар мен Моғолстан ханы Есен – Бұғаның жауы ортақ еді. Ол – Әбілқайыр хан болатын. «Жауымның жауы – менің досым», қағидасын ұстанған Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған қазақ тайпаларының оңтүстік және орталық Қазақстаннан батыс Жетісуға, Шу, Талас алқабына көшіп баруының негізгі себептері:

1. Керей мен Жәнібек сұлтандарға қарасты Қазақ тайпаларының сол кездегі Моғолстан хандығында өмір сүретін тайпалармен этникалық және генологиялық жақындығы.

2. Керей және Жәнібек сұлтандар мен Моғолстан ханы Есен – Бұғаның жауының ортақ болуы,

3. Бұрынғы Ақ Орда хандығының билігі мен Моғолстанның солтүстік бөлігі иелерінің ертеден бергі достық қарым қатынасының жақсы болуы,

4. Феодалдық бытыраңқы Моғолстанның Жетісудағы өкімет билігін өз қолына ұстап тұра алмайтын әлсіздігі себеп болды.

Осы кезде өз хандығын нығайтуға тырысқан Әбілқайыр хан, өзіне бағынбай Моғол хандығының жеріне ауысып кеткен Керей мен Жәнібекке қарсы жорыққа шығып, Алматы маңындағы Аққыстау деген жерде қайтыс болды. Жорық нәтижесі аяқталып, хандық мүлде әлсірейді. Қазақ хандығының құрылуымен Әбілқайыр ұрпақтары шығыс Дешті Қыпшақ жерінде билік жүргізу құқынан мүлде айырылады.

Ал, енді Керей мен Жәнібек сұлтандарға қарасты ру – тайпалардың Әбілқайыр хандығынан бөліне көшуінің негізгі тарихи себептеріне келсек, ол бірнешеу.

Біріншіден, Әбілқайыр ханның тынымсыз жүргізген соғыс зардабынан әбден титықтаған хандықтағы көшпенді өзбектердің көші – қон бағыттары үнемі өзгеріп отырды. Мал шаруашылығымен айналысатын көшпенді тайпалардың жайылымдық жерді тиімді пайдалана алмауы, негізгі күнкөріс көзі тәрт түлік мал болып табылатын көшпенді тайпалардың тұрмыс жағдайының өсіп - өркендеуіне кері әсер етті. Оның үстіне шексіз билік иесі Әбілқайыр хан өзіне ұнамай қалған тайпалардың ата қоныстарын қалауынша өзгерте алатын еді. Міне, осындай себептерге байланысты халықтың Әбілқайыр билігіне деген наразылығы күшейе түсті. Олар бейбіт өмір, тұрақты кең қонысты аңсады.

Екіншіден, XIV - XV ғасырларда экономикалық және саяси тұрғыда әлсіреген Ақ Орда, одан кейінгі Әбілқайыр хандығында, Ноғай ордасында және Жетісудағы Моғолстан мемлекеттерінде тілі, діні, психологиялық ойлау жүйесі, шаруашылықты жүргізу әдістері ортақ түркі тайпалардың бір ұлт, бір халық болып, бірігу, топтасу процесі белсенді түрде жүріп жатты. Дәл осы тарихи процесс Әбілқайыр билігіне наразы көшпенді тайпалардың хандықтан бөліне көшуіне ықпал етті.

Ақ Орда мемлекетінің орнына пайда болған «Көшпенді өзбек» мемлекетінің ханы Әбілқайыр мен Ақ Орда хандығының заңды мұрагерлері, Ұрыс хан ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандардың «Дешті Қыпшақ» даласындағы саяси билік үшін күресі заңды құбылыс еді.

Міне, осы Әбілқайыр ханның ежелгі саяси қарсыластары, Оңтүстік Қазақстанды мекендейтін көшпенді тайпалар арасында ерекше беделге ие Керей мен Жәнібек сұлтандар, Әбілқайыр хандығындағы көшпенді тайпалардың жайылымдарды пайдаланудағы Дешті Қыпшақ даласындағы бұрыннан қалыптасқан тәртіпті қалпына келтіргісі келетін арманды – ойларын жақсы ұғынып, оларға түсіністікпен қарады. Оның үстіне, осы тұстағы Әбілқайыр хандығындағы көшпенді тайпалардың, этникалық – генологиялық тұрғыдағы туыстас басқа орданың тайпаларымен бір орталықта, бір ұлт болып біріккісі келетін мүддесі мен психологиялық жай – күйін тамыршыдай дөп басып, дәл таныған Керей мен Жәнібек сұлтандар, хандықтағы саяси және әлеуметтік дағдарысты өз пайдаларына шебер пайдаланып, жеке дара билік құру үшін, өздеріне қарасты тайпалармен бірге батыс Жетісудағы Моғолстан хандығының территориясына көшіп кетті.

Батыс Жетісудағы Моғол ханы Есен – Бұға берген Қордайдағы Қозыбасы мен Шу өңіріне қоныстанып, жайлауы Орталық Қазақстандағы Ұлытай өңірі, қыстауы Оңтүстік Қазақстандағы Қашаңа құмы мен Мойынқұм болған, жана құрылған қазақ хандығының алғашқы дәуірінде, XV ғасырдың соңына қарай алғаш

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА 560 ЖЫЛ!

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ДӘУІРІНЕН БІРЕР СӨЗ

құрылған Қазақ мемлекетінің алдында мынадай тарихи міндеттер тұрды:

1. Көшпенді шаруашылықтың мал жайылымдарын пайдалануда Дешті Қыпшақ даласындағы бұрыннан қалыптасқан тәртіпті қалпына келтіру.

2. Керуен жолының үстіндегі, Түркістан өлкесінің қалалары Сығанақ, Сауран, Созақ, Отырар, Иасы секілді стратегиялық маңызға ие үлкен қалаларды Қазақ хандығына қарату,

3. Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық аумағын біріктіру.

Керей мен Жәнібек сұлтандарға қарасты көшпенді тайпалардың Қазақ елі атала бастауы да осы кез. «Қазақ» этнонимнің пайда болуы, Қазақ хандығының құрылуымен тұспа – тұс келді десек, біржақты үстірт кетіп адасамыз. Себебі, «Қазақ» деген сөз Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі дәуірде де қолданыста болғаны белгілі.

Көптеген ғалымдар «Қазақ» сөзінің шығу тегін, Қазақстан территориясында б.з.д VII-IV ғасырларда өмір сүрген сақ тайпаларының атымен байланыстыруды ұсынады. Қазақ тарихын археологияның қазба жұмыстары арқылы көп зерттеген тарихшы ғалым А.Н.Берштам «Қазақ» сөзі «Каспа», «Кас» және «Сақ» тайпаларының бірігуінен жасалды десе, академик Ә.Х.Марғұлан хазарлар арасында «Қазар-ұғ» деген тайпа болғандығын баса көрсетіп, «Қазар – ұғ» сөзі «қаз – ұғ», «қазақ» болып түрлене өзгеруі мүмкін ғой, деген ғылыми болжам айтады.

«Орыс тарихының атасы», деп мойындалған Н.М.Карамзин «История государства Российского» еңбегінде Кавказдың солтүстік батысында «Касаксия» елі туралы мәлімет келтірсе, X ғасырдағы араб тарихшысы әрі географы Әл – Масуди «Китаб ат – танбих ва-ль ишраф» деген шығармасында Кубань өзенінің жағалауындағы Кавказ халықтарының этникалық аумағын «Әл – Касаксия» деп жазады. Немістің көрнекті шығыс танушы ғалымы И.Маркварт «Касак» термині этностың атауын білдіреді десе, авторы белгісіз парсы тілінде X ғасырда жазылған «Худуд әл – алам» деген географиялық еңбекте «Касак» сөзі этникалық атау емес, Қара теңіз жағалауындағы қала атауы деп жазады.

Белгілі лингвист ғалым А.Н.Самойлович өзінің «О слове «казах» деген еңбегінде, қазақ деген сөздің пайда болуын XI ғасырға жатқызады.

Жазбаша әдебиетте «қазақ» термині алғаш рет 1245 жылы мәмлүктік Египеттегі «Араб – қыпшақ» сөздігінде кездеседі.

Осы ғылыми деректерге жүгіне отырып айтарымыз, «қазақ» сөзі Қазақ хандығының құрылуынан әлде қайда көп уақыт бұрын пайда болған. Себебі, этноним мен мемлекет көп жағдайда бір уақытта пайда бола бермейді. Бұл ғылымда дәлелденген ақиқат дүние.

Ал, енді «қазақ» сөзінің қандай мағына беретініне келсек, «Қазақстан тарихы» ғылымы: «Түркі тілінің атақты маманы, академик В.В.Радлов; Қазақ сөзінің мағынасы – тәуелсіз, ерікті адамдар, - деп жазады. Бұл пікірді ғалым А.Н.Самойлович те қолдаған.

Ал, Ш.Құдайбердіұлы жазылған пікірлерді қолдай келіп, «қазақ» сөзінің мағынасы – өз алдына ел болып, еркін жүрген халық, - деп жазса, тіл маманы Телқожа Жанұзақов «қазақ» сөзінің бірінші бөлігі «қаз», «қас» Алтай, Орал, Кавказ тағы басқа түркі тілдер тобында «еркін», «ер», «ер жігіт» деген мағынаны білдіретінін дәлелдеген, - деп жазады «Қазақстан тарихы», (С.Жолдасбеков. «Қазақстан тарихы» оқулық «Мектеп» 2010ж)

Отандық түркология ғылымының көрнекті өкілі, академик А.К.Құрышжанов өзінің «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII века» атты зерттеу еңбегінде «қазақ» сөзінің «еркін», «кезбе», «тәуелсіз» деген мағына беретінін лингвистикалық жолмен, ғылыми түрде тамаша дәлелдеген.

Жоғарыда келтірілген ғалымдар пікірін қорытындылай келе, бірер сөзбен ойымызды тұжырымдасақ «қазақ» этнонимі «еркін», «ер», «тәуелсіз», «ерікті адамдар» деген мағына беретін көне түркі сөзі болып шығады.

Қазақ хандығы тарихының алғашқы дәуірін сөз еткенде қазақ халқын құрайтын үш жүзді, яғни Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздерді айтпай кету мүмкін емес. Көптеген зерттеушілер қазақ «жүздерін» арабтың «джуз» - бір нәрсенің «басты бөлігі», «тармақ», деген сөздермен сәйкестендіреді. Қазақ жүздерінің пайда болуы туралы нақты деректер жоқ. Осы уақытқа дейінгі зерттеушілер «жүз» мәселесінің толық,

жан – жақты зерттелмегенін мойындай отырып, өзіндік қорытындылар жасайды.

Мәселен, Н.А.Аристов, Г.Н.Потанин секілді зерттеушілер жүздердің шығуын халық арасында кең тараған аңыз әңгімелер негізінде түсіндіреді. Бұл авторлардың айтуынша қазақтың үш жүзі бір адамның үш баласынан тараған. (Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей.)

Мұндай аңыз әңгімелер соңғы кезде жарық көрген көптеген рулық шежірелер мен ел арасында ауызша айтылатын әңгімелерде әлі де көп кездеседі.

Мысалы, Ж.Бейсенбайұлының «Қазақ шежіресі» (Алматы, 1994ж) атты еңбегінде, Қазақ деген бір адамның Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс атты үш баласынан қазақтың үш жүзі тарайды деп көрсетіледі.

Қазақ жүздерінің шығуы жөніндегі мұндай тұжырымдар, бүгінгі сауатты да білімді көпшіліктің ғылыми сұранысын қанағаттандыра алмайтыны өзінен – өзі түсінікті жағдай.

Қазақ жүздері бір адамның үш баласынан тараған деген тұжырымды біз, аңыз әңгімелерге негізделген топшылаулар қатарына жатқызамыз.

Ғалымдар С.А.Аманжолов (Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А – Ата 1959ж) және Г.М.Әділгереевтің (К истории образования казахского народа К.А.Н. «Хабаршы» 1951 ж.) ғылыми еңбектеріндегі пікірлері бойынша қазақтың үш жүзі ерте түркі дәуірінде басталып, X – XI ғасырларда аяқталады.

В.В.Вильяминов – Зернов, М.Красовскийлер қазақ жүздері XV-XVI ғасырлар шегінде, қазақ хандығының негізін қалаған үш ұлыстың территориясында құрылды десе, Ш.Уалиханов қазақ жүздерінің шығуын Алтын Орданың бөлшектенуімен байланыстырады.

Ал, В.В.Бартольд географиялық ерекшеліктерге сай, көшпелі мал шаруашылығының жағдайынан туындаған, - дейді.

И.Вяткин жүздердің пайда болуына экономикалық және саяси жағдайлар әсер еткен десе, Т.И.Султанов қазақ жүздерінің пайда болғандығы жөнінде нақты жазба деректердің жоқтығын мойындай отырып, қазақ жүздері шамамен XV ғасырдың екінші жартысында ұлыстық жүйенің орнында пайда болған деген болжам айтады. (Султанов Т.И. «Кочевые племена Приаралья в XV-XVII в.в М., 1982 г.)

Қазақ жүздерінің пайда болуы жөнінде ғалымдар арасындағы пікірлер әр түрлі болғанымен, «жүз» сөзінің анықтамасы жөнінде ғалымдар арасында талас жоқ, керісінше олар бір ауыздан ортақ пікірге келеді. Ол пікір мынандай: «Жүз деп – XV-XVI ғасырларда Қазақ хандығының аймақтық – өкімшілік бөлігі ретінде қалыптасқан тайпалық – рулық бірлестіктер. (Арғынбаев Х.Л.Мұқанов М.С., Восторгов В.В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000г)

Жоғарыда аты аталған ғалымдардың деректері мен дәлеліне сүйене отырып, мынадай тоқтамға келеміз. Ол: Қазақ халқын құрайтын үш жүз, қазақ шежірелерінде айтылып жүргендей туыстық-генеологиялық байланыс емес, ол – территориялық, өкімшілік бөлініс.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, Кіші жүздің алты ата Әлімнің бір атасы – Қаракесек руы. Ал, осы Қаракесек руы орта жүздегі Арғын тайпасының құрамында да бар. Орталық Қазақстанның батыс бөлігін мекендейтін Қаракесек руы географиялық аумағы мен жер жапсарына қарай, біразы Кіші жүз құрамына кетіп, қалғаны Орта жүз құрамында қалса керек.

Қазақстан территориясында б.з.д. III ғасыр мен б.з. X ғасырында Үйсін мемлекеті, б.з.д. III ғасыр мен б.з. VII ғасырында Қаңлы мемлекеті, XI ғасырда Қыпшақ, XII ғасырда Найман, Қаңлы мемлекеті өмір сүргені белгілі. Тарихтың б.з.б. III ғасыры мен б.з. XII ғасыр аралығында өмір сүрген Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Найман, Керей секілді түркі тайпаларына «жүз» деген ұғым түсініксіз болса, ал қазіргі таңда Үйсін, Қаңлы тайпалары Ұлы жүз бірлестігіне, ал Қыпшақ, Керей тайпалары Орта жүз бірлестігіне кіреді.

Осыдан-ақ «жүздердің» территориялық өкімшілік бөлініс ретінде кейіннен пайда болғаны көрініп тұр.

Орта жүз құрамында Қоңырат деген тайпа бар. «Моңғолдың құпия шежіресінде» айтылғандай Темучин – Шыңғыс ханның шешесі Ұлым, әйелі Бөрте Қоңырат тайпасынан екені белгілі. Шыңғыс хан өмір сүрген XII-XIII ғасырларда «жүз» деген атау мүлдем түсініксіз болатын.

Менің өз басым, Қоңырат тайпасы қазіргі Өзбекстан территориясынан бастап, Моңғолияға дейінгі аралықты мекендеген ертеден келе жатқан көне түркі тайпасы деп есептеймін. Сөзіміз дәлелді болу үшін, қазіргі Созақ ауданының «Қарағұр» ауыл өкімшілігіне қарасты, «Раң ата» елді мекенінде Қоңырат тайпасындағы Жиенбет руының, Қоңыр шұнақ атасының ұрпақтары өмір сүреді.

Міне, сол «Раң ата» ауылында қайтыс болған адамды мұсылман рәсімімен жаназасын шығарып болған соң, мәйітті жерге көмбей, алдын ала қазып дайындалған бөлмеге, бүкіл әулетімен бірге қатар жатқызып, көне түркі салты бойынша, «сағана» әдісімен жерлеу рәсімі жалпы болмаса да ішінара бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. Түркі тайпаларындағы мәйітті жерлеу рәсімінің мұндай түрінің Қоңырат тайпасының кейбір руларында күні бүгінге дейін сақталып қалуы, Қоңыраттардың көне түркі тайпасына жататынына дәлел болса керек.

Халқымыздың тарихы – қазақ халқын құрап отырған рулар мен тайпалар тарихының жиынтығынан тұрады. Бұл – ақиқат дүние!

Кешегі Кеңес дәуірінде «рушыл» атандан қорқып, ғалымдарымыздың тайпалар мен рулар тарихын жан - жақты толық зерттеуге мүмкіншіліктері болмады. «Қазақстан тарихы» ғылымында қайта пайдаланып зерттелуі күнібүгінгі күнге дейін оқы болып тұрғаны ешкімге де жасырын сыр емес.

Тарих – ұлы қоныс аударулардан тұрады. Әртүрлі тарихи факторлар мен себептерге байланысты, бүтін бір халық тарих сахнасынан жойылып кетсе, ал кейбір халықтар мен тайпалар ұсақ бөлшектерге бөлініп, келесі бір үлкен тайпалардың құрамына кіріп, сол тайпалардың ішіне біржола сіңіп кетіп отырған. Тарихтың осындай заңдылығын түсінбей адамзаттың бүтін тарихын түсіну мүмкін емес.

XV ғасырдың екінші жартысында өз алдына жеке мемлекет болып қалыптасып келе жатқан Қазақ хандығына сол кезде әлсіреп, бөлшектене бастаған Ноғай Ордасы мен Моғолстан хандығы территориясынан тілі, діні, психологиясы және шаруашылық жүргізу формасы ұқсас түркі тайпаларының тәуелсіз де еркін яғни «қазақ» елі деп аталған Қазақ хандығының құрамына енуі тарихи заңдылық еді.

Қазақ халқының тілі мен тарихын лингвистикалық әдіспен зерттеген ғалым С.Аманжолов рулар танбаларының бастапқы және кейінгі формаларын салыстыра зерттеп, салыстырмалы әдіспен Ысты руының және Тілік, Ойық руларының Қаңлы одағына, Ноғайлардың Маңғыт және Саңғыт руларының Қоңырат одағына мүше болғандығы туралы қорытындылар жасаған еді. (С.Аманжолов. Вопросы диалектики и истории казахского аязыка)

Осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын ғалым ағамыз С.Аманжолов айтқан пікірдің жаны бар секілді. Себебі, Қоңырат тайпасының құрамында Маңғытай, Саңғыл деген рулар бар. Қазақ руларының тарихи шежіресінде олар бергі уақытқа дейін қыз алыспайтын туысқан рулар болып есептеліп келген. Тарихи деректер бойынша XV-XVI ғасырларда Қоңырат тайпасы мен Ноғай Ордасының Маңғыт руы Сыр бойын қатар жайлаған. Қоңыраттармен тығыз этникалық байланыста болған Маңғыттар кейіннен Қазақ хандығының құрамына кірген соң, жаңа құрылған Қазақ хандығын басқарушы аристократия оларды бұрыннан бір – бірін жақсы білетін этникалық топ ретінде және жер жапсарының ыңғайына қарай Маңғыт пен Саңғыттарды Қоңырат одағына енгізуі әбден мүмкін ғой.

Қазақ хандығындағы Қоңырат тайпасының құрамына енген Ноғай Ордасының Маңғыт және Саңғыт руларының атаулары, көп жылдардан

соң тілдік – лингвистикалық өзгерістерге ұшырап, «Маңғыт» атауының – «Маңғытай», «Саңғыт» атауының – «Саңғыл» болып өзгеруі де әбден мүмкін.

Өйткені, әр түрлі түркі руларының бірігуі арқылы пайда болған Қазақ халқының тілі бастапқы кезеңнен өзгеріске түсіп басқа формаға ие болғанын біз ұмытпауымыз керек. Қалай десек те, Қазақ мемлекетінің тарихында, Қазақ халқының бір ұлт болып бірігуінің алғашқы дәуірінде тілі, дәстүрі ортақ түркі руларының - түркі тайпалық одақтарға бірігуі тарихи шындық еді. Тарихи деректерге жүгінсек: «Қазақ елінің тарихындағы ұлы хандардың бірі Хақназар хан, кіші жүздегі ұсақ жеті рудың басын біріктіріп, «Жеті ру» тайпалық бірлестігін құрды,»-деп жазды «Қазақстан тарихы» (С.Жолдасбеков. Қазақстан тарихы. Оқулық. «Мектеп» 2010).

Сол «Жеті ру» (Тама, Табын, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Рамадан, Телеу) тайпалық бірлестігі Кіші жүз құрамында күні бүгінге дейін өмір сүріп отыр.

Жаңа құрылған Қазақ хандығындағы ұлт болып бірігіп, қазақ халқын құрап жатқан әртүрлі түркі тайпаларымен бірге сол тайпалардың құрамына территориялық және өкімшілік жолмен жаңадан енген рулардың, Қазақ хандығының өсіп өркендеуі мен сыртқы жауларына төтеп беруі үшін ынтымақты татулықта өмір сүруі тарихи қажеттілік еді.

Ұлтымыздың болашағын ойлаған абыз ақсақалдарымыз бен данагөй ер ұландары қазақ халқының құрамындағы рулардың ынтымақты татулық өмірін армандады. Сондықтан да ата - бабаларымыз Қазақ халқының құрамындағы үш жүзді, Қазақ деген бір адамның үш баласынан тараған ұрпақ, - деді. Енші бөліспеген қазақ, бәрі бір - бірімен туысқан бауыр.

Себебі, олар бір адамның ұрпағы, - деген аңызды олар ойлап тапты.

Аңыз әрқашан да халықтың болашаққа деген сенімінен, қиялынан туады.

Мемлекет құрып, ұлт болуды армандаған тілі, діні, психологиясы мен шаруашылық жүргізу формалары бір-біріне ұқсас, ауыз әдебиеті өте жоғары деңгейде дамыған түркі тайпалары бұл аңызға бүкіл болмысымен сеніп, санасына сіңірді. Бұл аңыз ғасырлар бойы өз жемісін берді де.

Ал, дәл қазір ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігімізді алып, ұлттық санамыз бен жадымыз қайта жаңғырып жатқан заманда, Қазақ атамздың Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деген үш баласы туралы бұл аңыз, біздің тарихи ұлттық сұранысымызды қанағаттандыра алмайды. Сондықтан да, қазақ тайпаларының тарихын, олардың Қазақ ұлтын қалыптастырудағы рөлін екшелеп, тереңнен тартып қайта зерттеу қажет, деп есептейміз.

Бұл – қажеттіліктен туған тарихи сұраныс!

Біз, Қазақ тарихын деректер мен дәйектерге, жазбаша ғылыми дерек көздері мен ауыз әдебиетіне, археологиялық зерттеулерге, лингвистикалық пайымдауларға сүйене отырып, ұлтымыздың тарихын кешенді түрде, жан-жақты зерттейтін уақытқа жеттік деп ойлаймыз!

Сөзіміздің басында айтып кеткеніміздей 1465 жылы құрылған Қазақ хандығының алдындағы ер өзекті мәселелердің бірі, керуен жолының бойында орналасқан Түркістан аймағының қалаларын Қазақ хандығының құрамына кіргізу болатын.

Оңсыз шығыс Дешті Қыпшақты (шығыс Дешті Қыпшақ – Қаратаудан Сырдарияның төменгі ағысы мен Аралдан солтүстікке қарай көшіп жатқан далалы кеңістік) өзіне қаратқысы келген Қазақ хандығына, Сырдария бойындағы малға жайлы қыстық жайылымдар мен Түркістан қалаларын өзіне қаратпай, бүкіл шығыс Дешті Қыпшаққа билік жүргізу мүмкін емес еді. Оның үстіне Қазақ хандығындағы мал шаруашылығымен айналысатын көшпенді тайпалардың күнделікті тұрмыс қажетін өтеу үшін отырықшы мәдениет, сауда, әр түрлі кәсіпшілік өнер дамыған керуен жолындағы Түркістан өлкесіндегі қалалар өте қажет.

Түркістан өлкесінің қалалары дегенде, Түркістан аймағы туралы түсінік бере кету жөн.

Нұрғали МАХАН,
О.Қ.О.,
Созақ ауданы.

Ұлт порталы.

(Жалғасы бар).

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының мәдени - рухани мұрасын сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтерген тұлға. Ол Шығыс пен Батыстың мәдени және философиялық жетістіктерін біріктіре отырып, қазақ әдебиетінің ұлттық шеңберден асып, әлемдік деңгейге көтерілуіне ықпал етті. Абайдың адамгершілік идеялары, ғылым мен өнерге шақыруы, еңбек пен әділетті насихаттауы қазақ қоғамын жаңа бағытқа жетеледі. Оның шығармаларының негізінде халықты білім мен өркениетке шақыру жатыр. Сонымен бірге, ол жеке тұлғалардың тағдырын елеусіз қалдырмай, қоғамдағы әділеттілікті қорғауға тырысты. Бұл мақалада Абайдың шығармашылығына талдау жасалып, оның қазақ мәдениетіне және жалпы адамзатқа тигізген әсері кеңінен қарастырылады.

Негізгі бөлім

Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы Шыңғыс тауды жайлаған Тобықты руында дүниеге келді. Абай Құнанбайұлының шығармалары адамды адамгершілікке, білімге және еңбекке шақырады. Оның “Ғылым таппай мақтанба” өлеңі арқылы жастарды ғылым мен еңбекке баулып, олардың адам өміріндегі маңыздылығын айқындайды:

“Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба...”

Абай адамзаттық құндылықтарды насихаттап, әділет пен ақыл-ойды қоғамды жетілдіретін негізгі құрал ретінде көрсетеді. 37-қара сөзінде ол ақыл, қайрат және жүрек үйлесімділігі арқылы толық адамның қасиеттерін анықтайды: “Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.”
Бұл идеялар қазақ халқын білім мен

еңбек арқылы өркениетке жетелеуге бағытталған. Оның шығармалары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған, себебі олар адамзаттың рухани дамуының негізгі мәселелерін қамтиды.

Менің ойымша, Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ әдебиетіне жаңашылдық енгізіп, оны әлемдік деңгейге жақындатты. Ол қазақ поэзиясына философиялық тереңдік, адамгершілік құндылықтарды және ағартушылық идеяларды қосты. Абай Батыс пен Шығыстың рухани мұраларын біріктіріп, қазақ қоғамына бейімдеді. Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты орыс классиктерін аударып, қазақ тілінде жаңа әдеби үлгілер жасады. Абай шығармаларының басты ерекшелігі – оның идеяларының уақыт пен кеңістікке тәуелсіздігі. Ол Шығыс пен Батыстың рухани құндылықтарын біріктіріп, қазақ қоғамына бейімдеді.

Абай өз өмірінде әділеттілік пен адамгершілік қағидаларын басшылыққа алып, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздікке қарсы әрекет етті. Мысалы, ақын Сара Тастанбекқызының өміріндегі



180 жыл!

Адамзаттың АБАЙЫ

қиындықтарға бей-жай қарамай, оның жағдайын анықтап, қолдау көрсету үшін Шәкәрім Құдайбердіұлын арнайы жіберуі – оның жоғары адамгершілік қасиеттерінің айқын көрінісі. Сара өз шығармашылығында Абайды рухани ұстаз ретінде құрметтеп, оған деген ризашылығын өлеңдері арқылы жеткізді:

“Жүрегіміңнен жан шықпай,
Асыл сөзді арнадым.
Ыбырайға – асыл жан,
Көптен саған сан салдым.”

Сара өз өлеңдерінде Абайды құрметпен

еске алып, оны рухани ұстаз ретінде сипаттайды. Оның “Көп сәлем Ыбекеме” атты өлеңінде Абайға деген құрмет пен ризашылық көрініс тапқан: Абайдың Сараға жанашырлығы оның әділеттілік пен мейірімділікке негізделген адамгершілік құндылықтарының айғағы. Ол әділетсіздікке қарсы шығып, қоғамдағы талант адамдарды қолдауға тырысты. Оның Шәкәрім арқылы Сараға көмек көрсетуі осы құндылықтардың дәлелі.

Абайдың шығармашылығының тағы бір жаһандық мәні – оның гуманистік

идеяларының әмбебаптығы. Оның әділеттілік, рухани даму және адамзатқа қызмет ету туралы ойлары кез келген мәдениет пен қоғам үшін маңызды болып қала береді. 25-қара сөзінде айтылған: Абай адамның қоғамға пайда тигізуін ең жоғары адамгершілік қасиет деп бағалайды:

“Өзің үшін еңбек қылсаң,
Өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың.
Адамзаттың қарызы үшін еңбек қылсаң,

Адамды сүйсең, Алланың сүйгені сол.”
Абайдың бұл идеялары мен шығармаларының мәні оның гуманистік көзқарастарының шексіздігін көрсетеді. Ол өз халқын ғана емес, бүкіл адамзат баласын рухани даму мен әділеттілікке шақыра отырып, қоғамның жетілу жолын нұсқады.

Қорытынды

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші, Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани ұстазы, оның шығармашылық мұрасы – бүкіл әлемдік өркениеттің ортақ қазынасы. Абайдың гуманистік идеялары, ағартушылық қызметі, әділет пен адамгершілікке деген ұстанымы тек қазақ халқының емес, бүкіл адамзаттың рухани дамуына үлес қосты. Ол қоғамдағы әділетсіздіктермен күресе отырып, жеке тұлғалардың рухани өрлеуіне де ықпал етті. «Адамзаттың Абайы» – бұл тек бір ұлттың тұлғасы емес, бүкіл әлемнің рухани байлығын толықтырған ұлы ойшылдың бейнесі. Оның идеялары мен шығармашылығы адамзаттың мәңгілік құндылықтарын деріптеп, болашақ ұрпаққа жол сілтейтін рухани шамшырақ болып қала береді.

Айдана ДОСЖАНОВА,
Ақын Сараның мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.

АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Ақсу ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 11 сәуірдегі «Ақсу ауданының бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 105 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақсу ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 11 сәуірдегі «Ақсу ауданының бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс - шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №105 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №27625 болып тіркелген) өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында:

2 тармақта:

2), 3), 8) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

2) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүлктен тұратын біртұтас мүлктік кешен;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дөліздер, баспалдақ маршруттары мен баспалдақ аландары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертелелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

8) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген меншік нысаны, бұл ретте пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, орынтұрақ орындары, қоймалар дара (бөлек) меншікте болады, ал дара (бөлек) меншікте емес бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады;

10), 11), 12), 13), 14) тармақшалармен толықтырылсын:

10) кондоминиум объектісінің шектеулі пайдаланылатын ортақ мүлкі – кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің осы Заңда айқындалатын тәртіппен пәтер, тұрғын емес үй-жай, орынтұрақ орны, қойма меншік иесінің немесе үшінші тұлғаның пайдалануына берілген бір бөлігі;

11) көппәтерлі тұрғын үй паркингі (бұдан әрі – паркинг) – құрылыс жобасына сәйкес көппәтерлі тұрғын үйдің арнайы айқындалған бөлігіндегі немесе көппәтерлі тұрғын үйге жапсарлас салынған, автокөлік құралдарын қоюға арналған, орынтұрақ орындарынан тұратын тұрғын емес үй-жай. Паркинг кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі құрамына кіруі немесе дара (бөлек) меншікте болуы мүмкін;

12) қойма – көппәтерлі тұрғын үйдің жобалау-сметалық құжаттамасында көзделген, тұрғын емес үй-жай болып табылмайтын, өрт қауіпсіздігінің нормалары мен өзге де талаптарды сақтай отырып мүлкті сақтауға арналған, пәтерден тыс орналасқан, жиынтығында үйге ортақ инженерлік жүйелер, сондай-ақ жеке кіретін жері жоқ және дара (бөлек) меншіктегі орын;

13) орынтұрақ орны – паркингте (болған кезде гаражда) автокөлік құралын қоюға арналған, тұрғын емес үй-жай болып табылмайтын және дара (бөлек) меншіктегі орын;

14) дауыс беру – келу тәртібімен өткізілетін жиналыста ерік-қалауын ашық білдіру арқылы немесе жазбаша сұрау жүргізу арқылы жүзеге асырылатын, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді, сондай-ақ, орынтұрақ орындары, қоймалар меншік иелерінің орынтұрақ орындарын және қоймаларды күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді қабылдау процесі. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелері келу тәртібімен немесе жазбаша сұрау жүргізу арқылы өткізілетін жиналыста тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы дауыс бере алады;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Должность

ФИО

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА АКСУСКОГО РАЙОНА

ПРОЕКТ

О внесении изменений в постановление акимата Аксуского района от 11 апреля 2022 года №105 «Об утверждении Правил организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика Аксуского района»

Акимат Аксуского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести изменения в постановление акимата Аксуского района от 11 апреля 2022 года №105 «Об утверждении Правил организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика Аксуского района» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №27625):

К правилам организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика, утвержденным указанным постановлением:

в пункте 2:

подпункт 2), 3), 8) изложить в новой редакции:

2) объект кондоминиума - единый имущественный комплекс, состоящий из квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок, находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности, и общего имущества, которое не может находиться в индивидуальной (раздельной) собственности и принадлежит собственникам квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок на праве общей долевой собственности, включая единый неделимый земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок;

3) общее имущество объекта кондоминиума – части объекта кондоминиума (фасады, подъезды, вестибюли, холлы, коридоры, лестничные марши и лестничные площадки, лифты, крыши, чердаки, технические этажи, подвалы, общедомовые инженерные системы и оборудование, абонентские почтовые ящики, земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок, элементы благоустройства и другое имущество общего пользования), кроме квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок, находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности;

8) кондоминиум многоквартирного жилого дома (далее – кондоминиум) – форма собственности, зарегистрированная в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан, при которой квартиры, нежилые помещения, парковочные места, кладовки находятся в индивидуальной (раздельной) собственности, а те части, которые не находятся в индивидуальной (раздельной) собственности, принадлежат собственникам квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок на праве общей долевой собственности, включая единый неделимый земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок; дополнить подпунктами 10), 11), 12), 13), 14):

10) общее имущество объекта кондоминиума ограниченного пользования – часть общего имущества объекта кондоминиума, переданная в определенном настоящим Законом порядке в пользование собственнику квартиры, нежилого помещения, парковочного места, кладовки или третьему лицу;

11) паркинг многоквартирного жилого дома (далее – паркинг) – нежилое помещение в специально определенной части многоквартирного жилого дома или пристроенное к многоквартирному жилому дому в соответствии с проектом строительства, предназначенное для стоянки автотранспортных средств, состоящее из парковочных мест. Паркинг может входить в состав общего имущества объекта кондоминиума или находиться в индивидуальной (раздельной) собственности;

12) кладовка – место, предусмотренное проектно-сметной документацией многоквартирного жилого дома, не являющееся нежилым помещением, предназначенное для хранения имущества с соблюдением норм пожарной безопасности и иных требований, располагаемое вне квартиры, не имеющее в совокупности общедомовых инженерных систем, а также отдельной входной группы и находящееся в индивидуальной (раздельной) собственности;

13) парковочное место – место для стоянки автотранспортного средства в паркинге (гараже при наличии), не являющееся нежилым помещением и находящееся в индивидуальной (раздельной) собственности;

14) голосование – процесс принятия собственниками квартир, нежилых помещений решений, связанных с управлением объектом кондоминиума и содержанием общего имущества объекта кондоминиума, а также собственниками парковочных мест, кладовок решений, связанных с содержанием парковочных мест и кладовок, осуществляемый путем открытого волеизъявления на собрании, проводимом явочным порядком или путем письменного опроса. Собственники квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок на собрании, проводимом явочным порядком или путем письменного опроса, могут проголосовать посредством объектов информатизации в сфере жилищных отношений и жилищно-коммунального хозяйства;

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Аксуского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

БАЛА ЖӘНЕ ӨРТ

Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды. Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріңкемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтырар белгілері бар сіріңке, темекі қорабтары қызықтыратыны естен шығып жатады. Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыспайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Ауданымызда балаларға оттан абай болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, балабақшаларда өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда. Атап айтсақ, Ақсу ауданында балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша сабақтар өткізіліп тұрады, балалардың отпен ойнауын және өрт кезінде балалардың қаза болуын болдырмау үшін. Соған қарамастан, бұл алдағы балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Өрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе. Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес, өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балалырымыздың бақытты да, шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Құрметті ата-аналар, ЕСТЕ САҚТАНЫЗДАР! Баланың өмірі СІЗДЕРДІҢ ҚОЛДАРЫҢЫЗДА ЖӘНЕ ОЛ БАҒАЛАНБАЙДЫ!

От жаққанда абай болыңыз!

Қыс мерзімі тек өртпен ғана емес, сондай-ақ, тұншықтырғыш газбен ұлану себептермен де қауіпті. Тұншықтырғыш газдың негізгі қоспасы көміртек тотығы болып табылады. Ол – түссіз, иіссіз, дәмсіз газ. Таза күйінде өте әлсіз, болмашы ғана иісі бар. Оны иіскеген кезде сезілмейді, сол себепті де адам тез уланып қалады.

Қайғылы оқиға мен өрттің басым бөлігі көбіне түтін шығатын мұржаны тазалау мен пеш ақауын дер кезінде жөндеумен орын алады. Тұрғын үйде пеш және басқа да жылытқыш құралды пайдалану кезінде зардапқа әкелетіндей немқұрайлық танытудан асқан қауіп жоқ екенін де ұмытпаған жөн. Мұндай қайғылы оқиғаның алдын алу үшін қарапайым

өрт қауіпсіздігі ережесін ұдайы сақтап отырса болғаны. Мәселен, жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмау керек. Оны кішкене балаға табыстауға болмайды. Мұржаны үнемі күйден тазалап, жөндеуден өткізіп, пайдаланған жарықты тез арада бітеп тастаңыз. Пештің жарылып кеткен тұстары дба қауіпті. Пеш алдындағы ағаш еденнің үстіне өлшемі 50x70 см.

Темірден жасалған қаңылтыр қаққан дұрыс. Құрметті жеке үй тұрғындары! Қатты отынмен жанатын пеш қондырғысын пайдаланған кезде немқұрайлық таныту қайғылы оқиғаға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан өз үйіңіздегі пешіңізге айрықша назар аударып, өзіңізді және жақындарыңызды қайғылы оқиғадан сақтаңыз.

Жылу беру маусымында сақ болыңыздар!

Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері өрттердің алдын алу және өрттерде адамдардың өлімін болдырмау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіп жатыр. Осылайша, тұрғын үй секторында және халықтың жаппай жиналатын нысандарында, өрт қауіпсіздігі мақсатында, 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақсу ауданының аумағында жылыту маусымында өртке қарсы қауіпсіздік шаралары бойынша тұрғын үй секторында аралау профилактикалық жұмыстары жүргізілуде.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, тұрғын үй секторы өртке қауіпті болып қалады. Ақаулық – өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін бұзатын тұрғындардың өздері.

Өрт қауіпсіздігі ережелерінің негізгі бұзушылықтары тұрғын үй ғимараттарында газ баллондарын орнату, жем - шөптің дұрыс сақталмауы, жылыту пештерінің құдықтарын дұрыс салынбауы, өртүрлі жанғыш материалдардың шатырларында сақтау, электр есептегіш кәлібренген кірістірулерді пайдалану және мас күйінде темекі шегу болып табылады. Бұл өрт қауіпсіздігінің бұзылуы, соның салдарынан өрттер мен адамдар шығыны болады.

Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімі жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі бойынша барлық іс-шараларды қатаң сақтау керек екендігін естеріңізге салады. Үйіңіздің әл-ауқаты Сіздің орындалатын әрекеттеріңізге байланысты екенін біліңіз!



Тұрғын үйлердегі және дала өрттерінің алдын алайық!

Көктемгі-жазғы кезеңде өрттер саны және әдетте олардан материалдық шығын күрт артады. Өрттердің көпшілігі отты абайсыз қолдану және жекелеген азаматтар мен ұйым басшыларының өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға немқұрайлы қарауының салдары болып табылады.

Өрт қауіпті кезең басталған кезде, төтенше жағдайларды болдырмау үшін, құрғақ кезеңдерде, ыстықта және қатты жел кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажеттілігі туралы еске саламыз. Жалын мен күл шоқтарын қараусыз қалдырмаңыз. Демалыс орнынан шыққан кезде отты сумен мұқият сөндіріп тастаңыз немесе құммен, жермен көміп кетіңіз. Жанып тұрған сіріңкелерді, темекі тұқылдарын тастамаңыз. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 м қашықтықта жүзеге асырылуы тиіс. Ормандар мен далалардағы өрттер темір жолға оттың таралуына және темір жол орман екептері мен өндірістік объектілердің бүлінуіне немесе тіпті толық жойылуы-

М.Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы Сіздерді күмеді!

Азаматтық қорғау академиясы мамандықты дұрыс таңдау – болашақтағы жетістіктің кепілі

Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі саласындағы оқытатын жалғыз жоғары оқу орны - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы болып табылады. Күндізгі оқу бөліміне 16 жасқа толған және денсаулық жағдайы бойынша жарамды тұлғалар қабылданады, - деп хабарлайды Махамбет ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.

Академияда оқу тегін, күндізгі оқу нысаны бойынша оқу мерзімі 4 жыл, ол әскери қызмет өткеру мерзіміне есептеледі. Курсанттар оқу кезеңінде мемлекеттің қамсыздандыруында болады. Академия келесі мамандықтар бойынша оқытады: «Өрт қауіпсіздігі», «Төтенше жағдайларда қорғау», «Өрт сөндіру және авариялық – құтқару ісі», «Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық тактикалық». Академияны бітіргеннен кейін «азаматтық қорғау лейтенанты» арнаулы атағы беріледі және орта басшы құрам лауазымдарында жұмысқа орналасумен 100% қамтамасыз етіледі.

Осы оқу орнының курсанты болу үшін қандай оқу пәндерін қарқынды оқу керек? Бірінші кезекте спортпен шұғылдану керек, өйткені, талапкерге дене дайындығы бойынша нормативтерді тапсыруға тура келеді - 100 метр жүгіру, 1000 метр жүгіру, 1 минут ішінде шалқандан жатып кеудені көтеру және тартылу. ҰБТ тапсыру үшін пәндер тізімі: Математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, қазақстан тарихы. Бейінді пәндер: математика, физика.

ҚР ТЖМ оқу басқа оқу орындарындағы оқуға өте ұқсас емес. Оқыту жануды дамыту мен тоқтатудың физика-химиялық негіздерін, өрт тактикасын қамтиды. Әскери және дене шынықтыру циклы - бұл дене шынықтыру, саптық дайындық. Дене шынықтыру дайындығына ерекше көңіл бөлінеді. Үміткерлер мен спорт шеберлері шығаратын курсанттар бар, олардың арасында өрт - қолданбалы спорт түрлері де бар.

Кімге қолайлы:

Бұл мамандықты игергісі келетін жастар денсаулығы мен жоғары тәзімділікке ие болуы керек. Рухи мықты ержүрек жігіттер өздерін осы мамандыққа арнайды деп сеніммен айтуға болады.

Мамандықтың болашағы:

Ешқандай заманауи құрылыс материалдары мен автоматты өрт сөндіру жүйелері өрт қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайды, адам факторының әсері тым үлкен. Сонымен бұл мамандық әрқашан қажет болады.

М.ЖЕКЕСЕНОВ, Ақсу ауданы 6 – ӨСБ бастығы, азаматтық қорғау капитаны.

Электр құралдарынан шығатын өрт

Өкінішке орай көпшілік жағдайда өрт тұрғындардың өрттен сақтандыру ережелерін сақтамауынан болады. Мекемелерде, сауда орындарында, тұрғын үйлерде немесе пәтерлерде электр жүйелерін қолдануда, оны мезгілінде жөндеп тұрулары, жаңадан салушылар оны салу жұмыстарын сенімсіз адамдарға тапсырмаулары керек. Электр сымдарды нысандардың, үйдің жанатын бөліктерінің үстімен жүргізуге болмайды, арасында бөлінгіш жанбайтын зат болуы тиіс. Электр жылыту және басқа да электр құралдарды қосылған түрінде қараусыз қалдыруға, тастауға болмайды.

Көбінесе адамдардың өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан, немесе балаларды қараусыз қалдырғаннан өрт шығады. Ұялы телефондарды зарядқада ұзақ қалдырудың және зарядқада тұрған ұялы телефонды пайдаланудың салдарынан өрттің шығуы, күйіп қалу жағдайлары көптеп кездеседі. Сол себепті ұялы телефондарыңызды ұзақ уақытқа зарядқада қалдырмаңыздар, зарядқада тұрған ұялы телефонды пайдаланбаңыздар және балалардың ұзақ уақыт пайдалануына жол бермеңіздер.

Сондықтан да әркім өз ісіне ұқыптылықпен қарап, ертеңгі күннің жағымсыз жағдайын алдын ала ойлап, болжап, уақытылы алдын алып, болдырмай отырса, барлығы да дұрыс болар еді. Ол үшін өздеріңіз оттан сақ болып; балаларға сіріңке, электр құралдары ойыншық емес екендігін және де ойыннан өрт шыққан жағдайда олардың салдарының қаншалықты ауыр болатындығын жеткізу қажет. Розеткаларды жабық күйде ұстап, балаларды қараусыз қалдырмаңыздар. Электр құралдары пайдаланғанда абай болыңыздар!

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

- Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

- Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.

- Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

- Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы крандарды жабуға, үй-жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс). От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндірмеуге, электр қоңырауларды пайдаланбауға.

- Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез - келген уақытында пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

Халыққа тыйым салынады:

- Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге Кез - келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

- Сөйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.

- Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

- Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

- Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

- Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

- Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ, ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу жалғасын табуда



Ауған соғысы ардагерлері бүгін де біздің төрімізде. Бұл жолы «Aqsy Jastary» орталығымен біріге отырып

Ақсу аудандық агротехникалық колледжінде «Уақыт Сізді таңдады» тақырыбында колледж студенттерімен кездесу өтті. Ка-

римов Нартай Жармұханбетұлы, Есімов Орынхан, Құсайынов Серік Шоранұлы шараның құрметті қонақтары болды.

Жастармен болып жатқан бұл кездесулердің мақсаты ардагерлерге құрмет көрсету, жат жерде көз жұмған жерлес азаматтарды еске алып, жастарға патриоттық тәрбие беру. Шара кезінде Ауған соғысы ардагерлері Ауғанстандағы әскери қызметі туралы естеліктерімен бөлісті. Кездесу барысында Рахымбеков Сарқытбек Боранбаев Болатхан ағамыздың сөзіне жазылған «Ауғандықтар» әнін, Еламан Жұмагелдіұлы «Ауғанстан» әндерін орындап, жүректерді бір шымырлатты.

Оқ пен оттың ортасынан оралған ардагерлер үшін Ауғанстан жазылмас жан жарасына айналды. Жылдар жылжып өткенімен, ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлердің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады.

Үздік оқушы болу – мақтан тұтар жетістік



Білім – адамды биікке жетелейтін басты құрал. Әрбір оқушының арманы – оқу озаты атанып, үздіктер қатарында болу. Бұл тек білімділікті ғана емес, еңбекқорлық пен жауапкершілікті де талап етеді. Мен үшін осы биікті «Жыл үздігі - 2024» жастар сыйлығының «Үздік оқушы» номинациясына лайық болғаным мен бағындырған үлкен жетістік.

Мектептегі әрбір сабаққа ынта - жігеріммен дайындалып, жаңа білімді игеруге ұмтылуға, мұғалімдердің берген әрбір кеңесі мен сабақты жақсы түсінуіме ықпал етті.

Үздік оқушы болу – тек жоғары бағалар алу ғана емес. Бұл – достарыңа үлгі болу, тәртіп сақтау, және мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласу. Мен мектептегі іс - шараларға қатысып, ұйымшылдықпен өзімді көрсете білгенім, сонымен қатар, әдеби оқуларға, спорттық ойындар мен пәндік олимпиадалар, түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуымның нәтижесі керемет эмоция сыйлағанына және еңбектің ескерілгеніне қуаныштымын.

Бұл жетістіктің артында ата - анамның, бауырларымның қолдауы мен ұстаздарымның еңбегі жатыр. Олардың маған артқан сенімі – мені қанаттандырды. Мен үшін бұл – үлкен мақтаным. Биылғы 11-сынып 2024 жылымының ең әдемі нүктесі болғанына ризамын. Жыл бойы жасаған қажырлы еңбек, білім нәтижесі үнемі тек қуаныш пен белес сыйласын. Алдағы уақытта осы жетістігімді одан әрі дамытып, биік белестерді бағындыруға тырысамын.

Үздік оқушы атану – үлкен еңбек пен шыдамдылықты талап етеді. Бірақ осы жолда жеткен әрбір жеңіс – өмір бойы есінде қалатын құнды тәжірибе. Мен үшін бұл жетістік – тек бастамасы ғана. Ендігі мақсатым – үлкен белестерге жету және білімнің шыңына шығу, кітап жазу, қоғамда танылу.

Білімнің биік шыңын бағындырайық!

Ұлдана НҮСПЖАН,

Кеңжыра орта мектебінің 11-сынып оқушысы.

“ЕРЛІК САБАҒЫ” өтті

Бүгін “Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясында” “Ерлік сабағы” тақырыбында жастармен кездесу өтті. Бұл жолы құрметті ардагерлеріміз Каримов Нартай Жармұханбетұлы, Есімов Орынхан, Мүсекенов Ерлан Елеусізұлы оқушылар қойған концерттік бағдарламасын тамашалап, жастарға ерлік, батырлық туралы сыр шертті.

Өз сөздерінде ардагерлер қиындығы мен қасіреті мол ауған соғысы кезіндегі жауынгерлік тапсырмаларын қалай орындағандары, әртүрлі ұлттан құралған әскер қатарының мызғымас достығы мен көрсеткен ерліктері жайлы айтып берді. Бұл бастан кешкен оқиғалар әр оқушы үшін нағыз ерлік сабағы болары анық.

Кешегі күн – бүгінгі тарих. Сонау сұрапыл шайқасқа қатысқан қаһарман ардагерлеріміздің ерлігі бүгінгі жастарға үлгі болып, мәңгі жадымызда сақталары сөзсіз.



Ауған алауы жадымызда



Өтер жылдар, айлар тағы алыстап, Тағдыр талай тауқыметін табыстар.

Өздеріңді жырлап өтер ұрпағың, Ауғандағы азап кешкен арыстар!

"AQSY JASTARY" ОРТАЛЫҒЫ.

Биыл Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 36 жыл толады. Осы ретте жыл басында жастарды батырлыққа баулу, елімізге деген патриот сезімін нығайту мақсатында, «Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-де «Ауған алауы жадымызда» тақырыбында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті.

Жансүгіров ауылының ардагерлері Каримов Нартай Жармұханбетұлы, Есімов Орынхан, Құсайынов Серік Шоранұлы шараның құрметті қонағы болды. Кездесу шабытты күймен басталып, сыр - сұхбатқа жалғасты. Ардагерлер оқушыларға сұм соғыстың қиын - қыстау күндерінен естелік айтып, тағылымды өңгімелерімен бөлісіп, қойылған сұрақтарға жауап берді. Еліміздің болашағы болған жастарға өз баталарын берді.

ЛУДОМАНИЯ - ғасыр дерті



«Соңғы жылдары елімізде құмар ойынға тәуелділік белең алып барады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды. Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиіс», - деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға алаңдаушылық танытуда.

Рас, қазіргі жастардың санасын улап, олардың психикасына кері әсер етіп, болашағына балта шапқан проблемалардың бірі осы болып отыр.

Осы мәселе бойынша «Aqsy Jastary» филиалының ұйымдастыруымен Ақсу агротехникалық колледжінің педагог - психологы З.Исатайқызының қатысуымен «Лудомания - ғасыр дерті» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында лудомания - үлкен дертке айналған қауіпті құбылыс екені, жалпы, құмар ойындардың зардабы елдің дамуына кері әсерін тигізетіні, бұл дерттің зияны туралы студенттерге хабардар етілді.

«AQSY JASTARY» ОРТАЛЫҒЫ.

● МҰРАГЕРЛІК

14.12.2023 жылы қайтыс болған Тукебаев Идрис Малаевичтің атынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус А.М.Құндақбаеваға келуі керек. Мекен – жайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №20 ғимарат. Тел.: 8-702-705-94-91.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
 Құрылтайшы, директор -
 бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІң
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
 Жетісу облысы,
 Ақсу ауданы,
 Жансүгіров ауылы,
 Желтоқсан көшесі, №5 "В",
 аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
 Осы шығарылымның таралымы 2791

☎ Директор - бас редактор
 - 2-12-90,
 жауапты хатшы
 - 2-12-90.

✉ Электрондық пошта:
 aksuoniri@mail.ru
 Газеттің ресми сайты
 aksuoniri.kz

Индекс: 66750
 Offsetтік басылым көлемі 26 т.